

ӘОЖ677.27

¹Есиркепова А.М., ²Бердиярова Б.С.

¹Э.ғ.д., профессор Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Шымкент қ. бойынша филиалы, Шымкент, Қазақстан
²оқытушы, Шет тілдер және іскерлік мансап университеті, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУҒА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТARTU ҮШІН ОҢТАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа: Инвестициялардың ел экономикасын көтеруге едәуір ықпал жасайтыны белгілі. Алайда ол инвестициялардың елдің инновациялық экономикасын дамуға бағытталуы ғана жақын және ұзақ болашақта тиімді, әрі пайдалы әсерін тигізеді. Сол үшін мақалада Қазақстан экономикасын инновациялық дамуға шетелдік инвестицияларды тарту үшін оңтайлы жағдайларды қалыптастыру бақыттары қарастырылған. Берілген жұмыста қазіргі жағдайдағы шетел инвестициялардың ел экономикасына тарту бойынша мәліметтер, сонымен қатар кәсіпорындардың негізгі құрал-жабдықтарды жаңарту бойынша деректермен өнімдік және процесстік инновацияларға жұмсалған шығындары келтірілген.

Кілттік сөздер: шетел инвестициялары, инновациялық экономика, негізгі құрал-жабдықтарды жаңарту, өнімдік және процесстік инновациялар, Қазақстан Республикасы

Шетелдік инвестициялар – бұл пайда табу мақсатында резидент еместер жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке салынатын қаржылар. Елге шетелдік инвестициялардың көлемі оның инвестициялық климатының, яғни инвестицияларды тарту және іске асыру процестері жүретін ортаның тартымдылығымен анықталады. Бұған көп жағдайда елде даулы мәселелерді реттейтін және инвесторлардың мүдделерін қорғайтын сенімді заңнамалық базаның болуы ықпал етеді.

Шетелдік инвестицияларды бизнеске салынатын инвестициялар және несиелік (қаржылық ресурстарды ақылы негізде беру) деп бөлуге болады.

Инвестициялау мақсаттарына сәйкес тікелей және басқа инвестициялар болып бөлінеді.

Тікелей инвестициялардың келесі формалары болуы мүмкін:

- көлденең: шетелдік фирмалар жаңа нарықтарды іздейді және осы мақсатта шетелде филиалдар немесе жаңа өндірістер құрады;

- тік: өз өндірісін шетелге, жұмыс күшінің, шикізат базасының және т. б. құны бойынша неғұрлым қолайлы жағдайлары бар елдерге шығаратын компаниялар жүзеге асырады.

Кез келген елдің экономикасы үшін ең қолайлы шетелдік инвестициялар тікелей шетелдік инвестициялар болып табылады, өйткені олар өндірісті жаңғыртуды жеделдетуге, ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізуге, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді [1].

Кез-келген күрделі экономикалық құбылыс сияқты, шетелдік капиталды инвестициялау ұлттық экономикаға оң да, теріс те әсер етуі мүмкін.

Шетелдік инвестициялардың артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

– нақты капитал салымдарының көлемін ұлғайту, экономикалық даму қарқынын жеделдету және елдің төлем балансының жай-күйін жақсарту;

– тиімді жобаларды іске асыру үшін жергілікті жинақтарды пайдалану;

– жергілікті капиталды тарту және жергілікті қаржы нарығын оның ресурстарын өнімді мақсаттарда пайдалану есебінен нығайту;

– жұмыспен қамту деңгейін, жұмыс күшінің біліктілігін арттыру;

– шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;

– импортты төлеуге валюталық шығыстарды қысқарту;

– экспортты және шетел валютасының түсуін кеңейту;

– халықтың өмір сүру деңгейі мен сатып алу қабілетін арттыру;

– инфрақұрылымды және көрсетілетін қызметтер саласын дамыту; ұлттық экономикада бәсекелестікті күшейту және оны монополияландыру деңгейін төмендету;

– елге деген сенімді арттыру, бұл жаңа шетелдік инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары экономикаға инвестиция тарту бойынша көптеген құралдар пайда болды. Атап айтқанда, аймақтарға инвестиция тартудың ең тиімді әдістерінің бірі арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) және индустриалдық аймақтарды (ИА) құру болды. Бұл құралдар инфрақұрылымдық, салықтық, кедендік және амортизациялық жеңілдіктерді алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, әкімшілік кедергілерді айтарлықтай төмендетуге ықпал етті.

Алайда инвесторлар үшін әлі де болса келесі тәуекелдер орын алуда: меншік құқығын қорғау бойынша мәселелер, сот жүйесінің жетілмегендігі, сыбайлас жемқорлық, оған қоса саяси жағдайларға байланысты тәуекелдер де бар.

Сонымен қатар шетел инвесторлары үшін келесідей мәселелер туындайды: инфрақұрылымдық шектеулер, айналым құралдарын толықтыру үшін қажетті қарыз қаражатының жоғары құны, әсіресе ұзақ мерзімді қарыздар кезінде, жеткілікті кепілдік қамтамасыз етудің болмауы, несие алу кезіндегі рәсімдік қиындықтар, дайын өнімді өткізу проблемалары: жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін сауда желілерінде ұсыну қиындықтары және тұтынушылық сұраныстың төмендеуі.

Сол үшін инвестициялық белсенділікті ынталандыру сұрақтары алдыңғы қатарға шығады. Инвестициялық белсенділікті ынталандыру бойынша келесі тиімді шаралар мен бағыттар ұсынылады:

Біріншісі – реттеумен қадағалау бөлігінде бизнес үшін әкімшілік кедергілер мен қысымның болмауы; бұл жаңадан құрылатын компаниялар мен жобаларға ғана емес, жұмыс істеп тұрған бизнеске де қатысты. Бұған жекелеген салалар мен инвесторларға қатысты өңірлік реттеу саясатының тұрақтылығы мен болжамдылығын да жатқызамыз.

Екіншісі – инвестициялардың кірістілігін арттыру жөніндегі шаралар: мысалы, өңірлік бюджетке есептелетін салықтар бөлігінде салықтық демалыстар; кредиттік және лизингтік мөлшерлемелерді субсидиялаудың және кредиттерге кепілдік берудің әртүрлі нысандары.

Үшіншісі – инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын қамтамасыз ету, жасырын инвестициялық шығындарды болдырмау.

Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті ынталандыру құралдардың екі тобымен: қаржылық және әкімшілік құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады. Инвесторларды қаржылық қолдау шараларына өңірлік деңгейдегі салық жеңілдіктері, инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін өтеу, салық төлемдерін бөліп төлеу, мемлекеттік кепілдіктер беру жатады.

Қазіргі уақыттағы инвесторлардың меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы мәліметтер 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 -Инвесторлардың меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2015	2016	2017	2018	2019	млн. теңге 2019/2015 инд.
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, барлығы	7024709	7762303	8770572	11179036	12576793	1,79
оның ішінде:						
мемлекеттік	1062566	1098257	1319920	1345936	1537924	1,45
жеке	4542902	5022389	6212525	8270309	9172750	2,02
шетелдік	1419241	1641657	1238127	1562791	1866119	1,31
Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде есептелді [2]						

Кестедегі мәліметтерден шетелдік инвестициялар 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 30 пайыздан аса жоғарылағанын байқауымызға болады.


Инвестициялық белсенділікті ынталандырудың қаржылық емес құралдары ретінде өңірлерде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру процесінде мемлекеттік қолдау, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, арнайы экономикалық аймақтар құру, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрамында көп

функционалды орталықтар мен инвестициялық саясат жөніндегі үйлестіру кеңестері түрінде мамандандырылған органдар құра алады.

Біздің ойымызша, ең тиімді инвестициялар - бұл экономиканың нақты секторын дамытуға бағытталған инвестициялар.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасына шетелдік капиталдың ағымы көбінесе ескірген өндірістік қорлардың жаңаруымен бірге жүрмейді, іс жүзінде ұлттық табиғи ресурстарды пайдалану ретінде әрекет етуде. Егер қысқа мерзімді перспективада тікелей шетелдік инвестициялар елдегі жұмыссыздық мәселелерін шешуге, оның технологиялық мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік берсе, жаһандық перспективада олар оның дамуына кедергі келтіруі мүмкін, өйткені инвестициялар мен технологиялық әзірлемелерді енгізуден түскен пайданың айтарлықтай үлесі басқа мемлекеттің экономикасына түседі.

Елдегі негізгі құрал-жабдықтардың жаңарту, жою, тозу коэффициенттерінің өзгеру динамикасын қарайтын болсақ, 2019 жылы күрт төмендегенін көруімізге болады (1-сурет).



Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалды [2]

Сурет 1 – 2015-2019 жылдар арасындағы негізгі құрал-жабдықтарды жаңарту, жою, тозу коэффициенттері, жыл басына нақты барына пайызбен

Суреттегі берілгендерден негізгі құрал-жабдықтарды жаңарту коэффициенті 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 16,4-тен 7,9-ға дейін түскенін байқауымызға болады. Бұл айтарлықтай төмендегенін көрсетіп отыр.

Шетелдік капиталды тарта отырып, жеке мүдделерімізді сақтай отырып, жаңартуды қажет ететін салаларда қолайлы жағдайлар керек, шетелдік инвестициялар өздерінің негізгі міндеттерін – Қазақстан экономикасын нығайтуға ықпал етіп еліміздің аумағында өндірістік қуаттар құруды ынталандыру керек.

Ескірген технологиялық базаның жаңаруын және тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізуді қамтамасыз ететін инвестициялық дағдарысты еңсерудің екі негізгі жолы бар. Олардың біріншісі – мемлекеттік инвестицияларға бағдарлану, екіншісі - жеке капиталға бағдарланумен байланысты. Бюджеттік инвестициялардың төмен тиімділігін ескере отырып, тікелей шетелдік инвестицияларды қоса алғанда, жеке сектордың капитал салымдарын тарту инвестициялық саладағы негізгі басымдық болуға тиіс [3]. Шетелдік капиталды тарту процесі бірлескен кәсіпорындар құру, Қазақстанда шетелдік капиталға толығымен тиесілі кәсіпорындарды орналастыру, елдің белгілі бір аймақтарына шетелдік инвесторларды белсенді тартуға бағытталған еркін экономикалық аймақтар құру түрінде, сондай-ақ концессиялар немесе өнімді бөлу туралы келісімдер негізінде шетелдік капиталдың өзара әрекеттесуі түрінде болуы мүмкін.

Шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 - Шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны*
жыл соңына, бірлік

	2015	2016	2017	2018	2019	2019/2015 инд.
Қазақстан Республикасы	12 052	12 857	13 540	14 001	14 866	1,23
Ақмола	240	287	311	328	326	1,36
Ақтөбе	437	460	447	437	443	1,01
Алматы	259	284	361	400	432	1,67
Атырау	645	609	636	728	759	1,18
Батыс Қазақстан	389	444	489	469	458	1,18
Жамбыл	156	280	190	202	193	1,24
Қарағанды	735	742	744	788	813	1,11
Қостанай	285	281	305	320	338	1,19
Қызылорда	142	127	127	124	130	0,92
Маңғыстау	432	454	484	487	496	1,15
Оңтүстік Қазақстан	418	566	738	-	-	
Павлодар	282	304	306	306	336	1,19
Солтүстік Қазақстан	208	235	265	282	308	1,48
Түркістан	-	-	-	158	206	
Шығыс Қазақстан	402	451	584	582	591	1,47
Нұр-Сұлтан қаласы	1 572	1 820	2 035	2 187	2 414	1,54
Алматы қаласы	5 450	5 513	5 518	5 419	5 683	1,04
Шымкент қаласы	-	-	-	784	940	
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалды [4]						
* Ақпарат бизнес-тіркелім деректері бойынша келтірілген.						

Кестедегі мәліметтерден шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 2019 жылы 2015 жылымен салыстырғанда 23 пайызға жоғарылағанын байқауымызға болады.

3-кестеде шетел капиталы қатысқан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың елдер-шетел серіктестері (200 кәсіпорыннан жоғары) бойынша жарғылық капиталы келтірілген.

Кесте 3 - 2019 жылғы шетел капиталы қатысқан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың елдер-шетел серіктестері (200 кәсіпорыннан жоғары) бойынша жарғылық капиталы*


Серіктес елдің атауы	Кәсіпорындардың саны, бірлік	2020 жылғы 1 қаңтарға нақты, млн. теңге
Әзірбайжан	887	22 468,2
Армения	285	724,7
Ауғанстан	363	358,8
Беларусь	347	1 258,3
Германия	855	103 983,9
Грузия	200	1 238,0
Үндістан	369	2 627,8
Иран, Ислам Республикасы	393	13 962,9
Италия	232	14 620,1
Кипр	206	70 581,7
Қытай	1 726	358 355,0
КХДР	219	2 352,2

Серіктес елдің атауы	Кәсіпорындардың саны, бірлік	2020 жылғы 1 қаңтарға нақты, млн. теңге
Қырғызстан	1 477	8 632,2
Нидерланд	512	1 106 704,6
Пәкістан	256	1 173,4
Корея Республикасы	613	30 085,5
Ресей	12 829	349 847,6
АҚШ	345	195 369,8
Біріккен Корольдік	360	104 253,4
Тәжікстан	289	2 200,1
Түркия	3 094	178 243,0
Өзбекстан	2 053	449 667,3
Украина	1 346	10 536,8

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалды [4]
* Ақпарат бизнес-тіркелім деректері бойынша келтірілген.

Осылайша, Қазақстан экономикасына кең көлемде шетелдік инвестицияларды тарту экономикалық өсудің катализаторы болып табылады және Қазақстанда халықтың жоғары өмір сүру сапасымен сипатталатын өркениетті, әлеуметтік бағдарланған қоғам құрудың ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарын көздейді, ол әртүрлі меншік нысандарының бірлескен тиімді жұмыс істеуін ғана емес, сонымен қатар тауарлар, жұмыс күші мен капитал нарығын интернационалдандыруды да қамтиды.

2-суретте шетел капиталы қатысқан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өндірісінің көлемі келтірілген.



Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалды [4]

* Деректер 1-П «Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі» (жылдық) нысанынан келтірілген.

Сурет 2 - Шетел капиталы қатысқан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өндірісінің көлемі, ағымдағы бағаларда, млн.теңге

Суреттегі берілгендерден Қазақстан Республикасындағы шетел капиталы қатысқан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өндірісінің көлемі жылдан жылға өсіп отырғанын байқауымызға болады.

Инвестицияларды ынталандыру және тарту бойынша негізгі шара өңірде берілетін жеңілдіктер мен преференциялардың ауқымды пакеті болып табылады: ұйымдардың пайдасына салық мөлшерлемесін төмендету, мүлік салығынан босату, салық төлеушілердің жекелеген санаттары жеңілдікті ұзақ мерзімді жалға алу, мемлекеттік кепілдіктер беру және инвестициялық жобаларды "бір терезе" режимінде сүйемелдеу. Себебі 4-кестедегі мәлеметтерге қарасақ, шетел инвестицияларының өнімдік және процестік инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі жылдан жылға қарай өзгермелі болып келеді.

Кесте 4 - Өнімдік және процестік инновацияларға жұмсалған шығындары, қаржыландыру көздері бойынша

	2015	2016	2017	2018	2019	млн. теңге 2019/2015 инд.
Барлығы	655361	1528645,9	899681,8	856449,5	535918,10	0,82
оның ішінде						
республикалық бюджет	27769,8	42012,1	42230,20	28800,0	37056,20	1,33
жергілікті бюджет	2311,3	1851,80	17969,70	15752,2	4983,00	2,16
кәсіпорынның меншікті қаражаты	273974,9	367777,0	300208,1	392226,1	440271,60	1,61
шетел инвестициялары	974,2	514020,70	7053,40	45633,7	3796,80	3,90
өсу қарқыны, инд.		527,63	0,01	6,47	0,08	
өзгелері	350330,8	602984,30	532220,6	374037,5	49810,5	0,14

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде жасалды [5]

Қорытындылай келе, Қазақстанның экономикасын инновациялық дамытуға бағытталған шетелдік инвестицияларды тарту үшін келесі бағыттарды басты назарға алу керек:

1. Зерттеулер мен технологияларды дамытуға бағытталған шетелдік инвестициялар көлемін жоғарылату мақсатында мемлекет тарапынан стартаптар мен инновациялық технологияларды қолдау; білім беру бағдарламаларын қаржыландыру, денсаулық сақтау, цифрлық экономиканы дамыту; шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау; инфрақұрылым объектілеріне инвестициялар көлемін арттыру; ұлттық валютаның тұрақты бағамын қамтамасыз ету; тиімді бюджеттік және борыштық саясат жүргізу; тек шикізат салаларына ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығын, химия өнеркәсібін, машина жасауды, қаржы секторын және т.б. дамытуға бағдарлану қажет.

2. Инновациялық дамытуға бағытталған шетелдік инвестицияларды нормативтік-құқықтық реттеуге өзгерістер енгізу, олар: бюрократиялық рәсімдерді қысқарту арқылы әкімшілік жүктемені азайту; нормативтік-құқықтық базаның ашықтығы мен тиімділігін арттыру; салымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін және шетелдік инвесторлардың құқықтарын сақтауға кепілдік беретін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу; шетелдік жоғары білікті мамандарды тартуды оңайлату.

3. Инновациялық бағыттағы шетелдік компанияларға салық салу саласындағы өзгерістер енгізу: салық заңнамасын екі түрлі түсіндіру мүмкіндігін болдырмау; инновациялық технологияларды енгізуге ықпал ететін, сондай-ақ озық техника мен жабдықты өндіретін шетелдік компаниялар үшін екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге "салықтық демалыстарды" енгізу; инновацияларды енгізу үшін импортталатын бәсекелес емес жабдықты ҚҚС төлеуден босату; жоғары технологиялар салаларында өндірісті жаңғыртуды жүзеге асыратын машиналар мен технологиялық жабдықтар амортизациясының жоғары коэффициентін енгізу.

4. Инновациялық дамытуға бағытталған кәсіпорындарды тіркеу рәсімін оңайлату; лицензиялар, сертификаттар беру рәсімін оңайлату; инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті құжаттарды ресімдеу мерзімдерін қысқарту; "бір терезе"қағидаттарын іске асырудан тұратын шетелдік капитал үшін әкімшілік кедергілерді азайту.

5. Қазақстан Республикасының территориясында шетел компанияларының мүдделерін әділетті қорғау үшін сот жүйесінің тәуелсіздігін арттыру.

6. Әлеуетті инвесторларға инвестициялық жобалар туралы ақпаратқа кең қол жетімділікті ұсынатын бірыңғай ақпараттық жүйені қалыптастыру арқылы инвестициялық процесті ақпараттық қамтамасыз ету.

Әдебиеттер

1. Макеева Т. Ю. Преимущества и недостатки иностранного инвестирования для экономики России / Т. Ю. Макеева, Г. В. Мешкова // Международный научно-исследовательский журнал. — 2017. — № 07 (61) Часть 1 . — С. 14—17. — URL: <https://research-journal.org/economical/preimushhestva-i-nedostatki-inostrannogo-investirovaniya-dlya-ekonomiki-rossii/> (дата обращения: 07.01.2021.). doi: 10.23670/IRJ.2017.61.004
2. Қазақстан 2019 жылы // Статистикалық жылнама. - Нұр-Сұлтан 2020
3. Матерова Алина Андреевна, Крюкова Анастасия Александровна Привлечение иностранных инвестиций в инновационную деятельность // Academy. 2016. №1 (4). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/privlechenie-inostrannyh-investitsiy-v-innovatsionnuuyu-deyatelnost> (дата обращения: 08.01.2021).
4. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы //Статистикалық жинақ. - Нұр-Сұлтан 2020.
5. Қазақстанның ғылымы және инновациялық қызметі // Статистикалық жинақ. - Нұр-Сұлтан 2020. – 45 б.
6. Горбунова О.А. Привлечение прямых иностранных инвестиций в российскую экономику в условиях действия санкций // Russian Journal of Entrepreneurship 19(8):2185. - August 2018. - DOI: 10.18334/rj.19.8.39261
7. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы / Статистикалық жинақ / Нұр-Сұлтан 2020. – 263 б.

Резюме:

Известно, что инвестиции оказывают значительное влияние на подъем экономики страны. Однако только ориентация инвестиций на развитие инновационной экономики страны окажет эффективное и полезное влияние в ближайшем и долгосрочном будущем. Для этого в статье рассмотрены вопросы формирования оптимальных условий для привлечения иностранных инвестиций в инновационное развитие экономики Казахстана. В работе приведены данные по привлечению иностранных инвестиций в экономику страны в современных условиях, а также данные по обновлению основных средств и затраты предприятий на продуктовые и процессные инновации.

Summary:

It is known that investments have a significant impact on the recovery of the country's economy. However, only the focus of investment on the development of the country's innovative economy will have an effective and useful impact in the near and long-term future. For this purpose, the article considers the formation of optimal conditions for attracting foreign investment in the innovative development of the economy of Kazakhstan. The paper presents data on attracting foreign investment in the country's economy in modern conditions, as well as data on the renewal of fixed assets and the costs of enterprises for product and process innovations.

**ИНФОРМАТИКАНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ АРАЛАС ОҚЫТУ МОДЕЛІН
ҚОЛДАНУ**

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР/ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

- Бердиярова Б.С.** 175
Шет тілдер және іскерлік мансап университеті, Алматы, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАНМЕН РЕСЕЙДІҢҒӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН КҮШЕЙТУ ЖОЛДАРЫ**
- Есиркепова А.М., Бердиярова Б.С.** 181
Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының
Шымкент қ. бойынша филиалы, Шымкент, Қазақстан
Шет тілдер және іскерлік мансап университеті, Алматы, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУҒА ШЕТЕЛДІК
ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ ҮШІН ОҢТАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**
- Mashirova T., Mamutova K., Kalbaeba N.T., Toktibaeva M., Shoraev B.A.,
Jakipbekova D.S.** 188
M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
USING OF THE RISK MANAGEMENT SYSTEM IN THE FIELD OF STATE AUDIT
- Маширова Т.Н., Мамутова К.К, Мырзалы Ә.Н.** 195
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
**КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН
БАҒАЛАУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ**
- Өмірзақов Б.Қ., Джакишева У.К.** 199
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
**КОММЕРЦИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫСЫН БАСҚАРУДАҒЫ
БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ РӨЛІ МЕН МӘНІ**
- Турымбетов Т.А., Пернебай Д.Ж.** 210
Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, Туркестан,
Казахстан
ГЕОИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ В ТУРИЗМЕ

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

- ¹Елікбай М.Ә., ²Мұхамедханов А.Б., Абдызахатов Д.Б., Кабулов К.Б.** 215
^{1,3,4}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент,
² Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент
СУРРОГАТ АНА ШАРТЫН ЖАСАСУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ
- Орынтаев Ж.Қ., Мамаева М.Н., Тұрсынхожа Б.М.** 219
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан
**ЖАРНАМА ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ, ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ**
- Мамаева М.Н., Қадырбек А.Н., Асылхан М. Б.** 224
Южно-Казахстанский университет им.М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
ИНСТИТУТЫ ПРАВА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ